

БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

Географияны зерттеу нысандары

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.10.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/182717/

Куанышова Майра Орақбайқызы

№26 Жамбыл атындағы мектеп гиназиясы

Пәні:	География		
Бөлім:	1 Географияны зерттеу тәсілдері.1.1.Зерттеу және зерттеушілер		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Куанышева Х.О.		
Күні:	02.09.2025		
Сынып: 7 а,б,б	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Географияны зерттеу нысандары		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7. 1. 1. 1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды		
Сабақтың мақсаты	Оқушылар география ғылымының зерттеу нысандарын анықтап, табиғи және әлеуметтік нысандарға мысалдар келтіреді; ЕББҚ: География ғылымының зерттеу нысандарын атайды;		
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құндылықтарға баулу:	Қыркүйек - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы; Құзыреттілік: инновациялықойлау Апта дәйексөзі: «Жануам - қорғаным, ата-анам - тірегім!» Тапсырмаларды тиімдіорындауүшін қажетті академиялық және техн икалық, заманауи технологиялармен әдістертуралы білімінің болуы;		
Сабақтың барысы	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың кезеңі/ уақыты			
Сабақтың басы 2 мин	(Ү) Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	(ҚБ) мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды «Жұлдызша» әдісі арқылы бағалау
3 мин	Тренинг «Сәлемдесу шеңбері» Мақсаты: Оқушылар арасында жылы атмосфера қалыптастыру, бір-біріне көңіл бөлу дағдысын дамыту. Мұғалім ережені түсіндіреді: «Бүгін біз бір-бірімізге ерекше сәлем береміз. Әркім сәлемдескенде тек қана сөзбен емес, қимылмен де амандасады». «Адал азamat» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығы дәріптеледі	Оқушылар қасында тұрған досына қарайды, ерекше қимылмен (қол бұлғау, шатапақ, жұдырық тую, иілу) және сөзбен амандасады.	

<p>Сабақтың ортасы 2 мин</p>	<p>Жаңа сабақ «Миға шабуыл» әдісі Оқушылар миға шабуыл әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды</p>	<p>Оқушыларға «Миға шабуыл» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.</p>	<p>«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.</p>
<p>3 мин</p>	<p>Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ? Бүгінгі сабағымыздың мақсаты қандай болмақ? «Адал азамат» бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» Ы.Алтынсарин өміріндегі ғибратты оқиғамен мысал келтіріледі.</p>	<p>Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді</p>	
<p>3 мин</p>	<p>Мағынаны тану «Нұсқаулықпен қарау» әдісі Мұғалім бейнеролик басталар алдында оқушыларға «Нені байқау керек?», «Нені жазып алу керек?» деген нақты тапсырма береді. Бейнеролик: География ғылымының зерттеу нысандары ü География ғылымының негізгі зерттеу нысандары? ü География ғылымының салалары?</p>	<p>Бейнероликті қарайды. Нұсқаулықпен қарау әдісі арқылы тақырыптағы негізгі ақпараттарды талдайды</p>	
<p>7 мин</p>	<p>№1. Тапсырма «Анаграмма» әдісі (ЖТ)Жеке тапсырма (ФС тапсырмасы) Оқушылар тақырыпқа сәйкес география ғылымының салаларын анықтайды. Оның зерттеу нысандарын анықтайды Гидрология – өзендер, көлдер, теңіздер мен мұхиттарды зерттейді. Климатология – ауа райы мен климатты қарастырады. Геоморфология – таулар мен жазықтардың қалай пайда болғанын зерттейді. Топырақ географиясы – әр жерде кездесетін топырақ түрлерін зерттейді. Биогеография – өсімдіктер мен жануарлардың таралуын зерттейді. Ландшафт географиясы – табиғат беліктерінің (орман, дала, шөл) бір-бірімен байланысын қарастырады. Халық географиясы – адамдардың қай жерде көп, қай жерде аз қоныстанғанын зерттейді. Экономикалық география – ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік сияқты шаруашылық түрлерін қарастырады. Картография – жерді картаға түсіреді. Экология – табиғатты қорғауды, адам мен табиғаттың байланысын зерттейді.</p>	<p>Оқушылар «Анаграмма» әдісі арқылы география ғылымының салаларын анықтайды.</p>	<p>Дескриптор Жалпы:4 балл 1.География ғылым салаларының зерттеу нысандарын анықтайды;</p>
<p>10 мин</p>	<p>Тапсырма бойынша: География ғылымының салаларын ажыратып, зерттеу нысандарын дұрыс анықтау дағдысы қалыптасады.</p> <p>№2. Тапсырма «Ақиқат немесе жалған» әдісі (ЖТ)Жеке жұмыс (ФС тапсырмасы) Оқушылар ақиқат немесе жалған әдісі арқылы география ғылымының зерттеу нысандарын анықтайды География жер бедерін, климатты, халықты зерттейді. – Ақиқат Өнер туындылары – географияның негізгі зерттеу нысаны. – Жалған Гидрология өзендер мен көлдерді зерттейді. – Ақиқат География тек қана жануарларды зерттейді. – Жалған Климатология ауа райы мен климатты қарастырады. – Ақиқат Халық географиясы адамдардың қоныстануын зерттейді. – Ақиқат География ғылымының зерттеу нысанына мұхиттар мен материктер жатады. – Ақиқат Компьютерлік ойындар – географияның зерттеу нысаны. – Жалған Биогеография өсімдіктер мен жануарлардың таралуын зерттейді. – Ақиқат География тек аспан денелерін зерттейді. – Жалған</p>	<p>Оқушылар «Ақиқат немесе жалған» әдісі арқылы география ғылымының зерттеу нысандарын анықтайды.</p>	<p>Әр дұрыс жауапқа 1 жұлдызша беріледі</p>
<p>10 мин</p>	<p>Тапсырма бойынша: Оқушыларда сыни ойлау және білімді дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады.</p>	<p>Оқушылар «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына жетелейді, өз білімін тексеріп, дұрыс жауап табу үшін ізденеді, нақты ойлап, жүйелі әрекет етуге дағдыланады</p>	<p>Дескриптор Жалпы:2 балл 1.Ақиқат ақпараттарды анықтайды; 2.Жалған ақпараттарды анықтайды;</p> <p>Әр дұрыс жауапқа 1 жұлдызша беріледі</p>
<p>10 мин</p>	<p>№3. Тапсырма (ЖТ)Жеке тапсырма «Мәтінмен жұмыс» Оқушылар мәтінмен жұмыс арқылы география ғылым салаларының ғылымдарын анықтайды Мәтін География ғылымы өте ауқымды. Ол табиғатты да, адамды да зерттейді. Өзендер мен көлдерді зерттейтін гидрология, халықтың саны мен қоныстануын қарастыратын халық географиясы, топырақтың түрлері мен қасиеттерін зерттейтін топырақ географиясы, өнеркәсіп орындарының орналасуын талдайтын өнеркәсіп географиясы – география ғылымының әртүрлі салалары. Сонымен қатар, өсімдіктер мен жануарлардың таралуын зерттейтін биогеография, сауда мен тауар айналымын зерттейтін сауда географиясы, жер бедерін қарастыратын геоморфология, жолдар мен көлік қатынасын талдайтын көлік географиясы бар. Климат пен ауа райын зерттейтін климатология, ал әр аймақтың табиғи кешендерін қарастыратын ландшафт географиясы – географияның тағы бір маңызды салалары. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығын зерттейтін ауыл шаруашылығы географиясы және қызмет көрсету саласын қарастыратын қызмет көрсету географиясы да бар.</p>	<p>Оқушылар мәтінмен жұмыс бойынша география ғылымының салаларын анықтайды.</p>	<p>Дескриптор Жалпы:4 балл 1.Физикалық география ғылымдарын анықтайды; 2.Экономикалық география ғылымдарын анықтайды;</p> <p>Әр дұрыс жауапқа 1 жұлдызша беріледі</p>
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p>Кері байланыс «3 себеп» әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде 3 дәлел келтіреді 1.Дәлел 2.Дәлел 3.Дәлел Үйге тапсырма Тақырыпты оқу Атамұра 2017 жыл:§1 Алматы кітап баспасы 2023 жыл §1</p>	<p>Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады</p>	<p>Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 - 10 балл аралығында бағалайды</p>